

## Транзитті дамыту мәселелері жөнінде комиссия құру туралы

### Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 13 маусымдағы № 583 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 мамырдағы № 599 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.05.30 № 599 Қаулысымен.**

Транзиттік-көлік әлеуетін дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес құрамда Транзитті дамыту мәселелері жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылсын.
2. Қоса беріліп отырған Комиссия туралы ереже бекітілсін.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министри

K. Мәсімов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2008

жылғы

13

маусымдағы

N

583

қаулысына

қосымша

## Транзитті дамыту мәселелері жөніндегі комиссияның құрамы

**Ескерту. Құрам жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2009.11.17 N 1866 Қаулысымен.**

Ахметов

- Қазақстан Республикасы

Серік Нығметұлы

Премьер-Министрінің

орынбасары, төраға

Құсайынов

- Қазақстан Республикасының

Әбілғазы Қалиақпарұлы

Көлік және коммуникация министрі

төрағаның орынбасары

Рахымбекова

- Қазақстан Республикасы Көлік

Салтанат Темірқұлқызы

және коммуникация министрлігі

Халықаралық ынтымақтастық және

транзиттік саясат департаментінің

директоры, хатшы

Бекетаев	- Қазақстан Республикасының
Марат Бақытжанұлы	Әділет вице-министрі
Бектұров	- Қазақстан Республикасының Көлік
Азат Габбасұлы	және коммуникация вице-министрі
Жигалов	- Қазақстан Республикасы Сыртқы
Константин Васильевич	істер министрінің орынбасары
Есқалиев	- Қазақстан Республикасының Индустрія
Ерхат Серікұлы	және сауда вице-министрі
Құсайынов	- Қазақстан Республикасының Экономика
Марат Әпсеметұлы	және бюджеттік жоспарлау вице-министрі
Қырғызбаев	- Қазақстан Республикасы Ұлттық
Болат Исатайұлы	қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің директоры (келісім бойынша)
Барменқұлов	- Қазақстан Республикасы Көлік және
Әділет Назарбайұлы	коммуникация министрлігі Көліктік бақылау комитетінің төрағасы
Оспанов	- Қазақстан Республикасы Денсаулық
Кенес Сәрсенғалиұлы	сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің төрағасы - Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері
Тыныбеков	- Қазақстан Республикасы Ішкі істер
Қайрат Сағатханұлы	министрлігі Жол полициясы комитетінің
	төрағасы
Уандықов	- Қазақстан Республикасы Көлік және
Берік Құсманұлы	коммуникация министрлігі Көлік және қатынас жолдары комитетінің төрағасы
Әбдірахманов	- Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы
Мұхтар Айдарханұлы	министрлігі АгроОнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті
	төрағасының орынбасары
Қыпشاқов	- Қазақстан Республикасы Қаржы
Арғын Мықтыбайұлы	министрлігі Салық комитеті төрағасының
	орынбасары
Сұлтанов	- Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы
Ахметжан Әкиұлы	министрлігі АгроОнеркәсіптік кешендегі

МЕМЛЕКЕТТІК ИНСПЕКЦИЯ КОМИТЕТІ  
ТӨРАҒАСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ

Тен Игорь Викторович	- Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті төрағасының орынбасары
Сұтемгенов Олжас Болатұлы	- Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Стратегиялық жоспарлау және көлік-коммуникация кешенін дамыту департаментінің директоры
Оразбеков Марат Жаңабергенұлы	- "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының көлік активтерін басқару жөніндегі директоры (келісім бойынша)
Қизатов Ермек Әнуарбекұлы	- "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының вице-президенті (келісім бойынша)
Бекмағамбетов Мұрат Махметұлы	- "Көлік және коммуникация ғылыми-зерттеу институты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің президенті (келісім бойынша)
Есенғарин Нығметжан Қабатайұлы	- Қазақстан Республикасы Ұлттық экспедиторлар қауымдастырының президенті (келісім бойынша)
Каплан Теодор Лазаревич	- Қазақстан Республикасы Халықаралық автомобиль тасымалдаушылары одағының бас хатшысы (келісім бойынша)
Әтепбаев Болат Орынбекұлы	- "Атамекен" Одағы" Қазақстан ұлттық экономикалық палатасы" заңды тұлғалар бірлестігі төрағасының орынбасары (келісім бойынша)
Сұлтанбекова Жанар Талапбекқызы	- "Investment Group ACME Co. LTD" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры (келісім бойынша)
Тайлыбаев Сакен Жарқынбекұлы	- "Аманат инвест групп" компаниялар тобының президенті (келісім бойынша)
Макалкин Валентин Иванович	- "Қайталама металургия өнеркәсіпшілерінің республикалық одағы"

қауымдастыры төрағасының орынбасары  
(келісім бойынша)

Смирнова

- Қазақстан тасымалдаушылары мен вагондар  
операторларының қауымдастыры атқарушы  
директорының орынбасары (келісім  
бойынша)

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2008

жылғы

13

маяусымдағы

N 583

қауымдастырылған

бекітілген

## **Транзитті дамыту мәселелері жөніндегі комиссия туралы ереже 1. Жалпы ережелер**

1. Транзитті дамыту мәселелері жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) Қазақстан Республикасының транзит-көлік әлеуетін одан әрі дамыту және тиімді пайдалану жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында құрылды және консультативтік-кенесші орган болып табылады.

2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілерін және езге де нормативтік құқықтық актілерді, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

### **2. Комиссияның міндеттері мен функциялары**

3. Комиссияның негізгі міндеттері мен функциялары:

1) Қазақстан Республикасының транзит-көлік әлеуетін одан әрі дамыту және тиімді пайдалану;

2) мемлекеттік органдардың, бизнестің және халықаралық көлік дәліздерін дамыту мен халықаралық транзит процесі жолындағы кедергілерді жою жөніндегі үкіметтік емес ұйымдардың қызметін үйлестіру;

3) шекарадан өту кезінде туындастырын кедергілерді жоюға бағытталған (тарифтік саясат, салық салу, сақтандыру, лицензиялау, сертификаттау, стандарттау) Қазақстан Республикасының транзит саласындағы заңнамасын жетілдіру;

4) қолданыстағы екі жақты үкіметаралық келісімдердің орнына транзиттік тасымалдарды реттейтін көп жақты келісімдерге қосылу;

5) мультимодальдық тасымалдар мен көлік-логистикалық қызметтерді одан әрі дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

### **3. Комиссияның құқықтары**

4. Комиссия белгіленген тәртіппен және оның құзыretіне кіretін мәселелер бойынша мынадай құқықтарға ие:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметіне транзиттік тасымалдарды тиімді дамыту және шекарадан өту кезіндегі кедергілерді жою, Комиссияның құзыretі шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру, транзитті дамытуға ықпал ететін көлік саласындағы басым жобаларды айқындау жөнінде ұсыныстар енгізуге;

2) сараптамалар мен консультациялар жүргізу үшін мемлекеттік органдар мен ұйымдардан тиісті бейіндегі мамандарды тартуға, сондай-ақ қажет болған жағдайда жұмыс топтарын ұйымдастыруға;

3) заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдар мен ұйымдардан Комиссияның құзыretіне кіretін мәселелер бойынша ақпарат сұратуға және алуға;

4) салалық қауымдастықтардың, мұдделі көлік ұйымдары мен инвесторлардың транзитті дамыту мәселелері бойынша ұсыныстары мен пікірлерін тыңдауға;

5) Комиссияға жүктелген міндеттерді жүзеге асыру үшін қажетті өзге де құқықтарға.

### **4. Комиссияның қызметін ұйымдастыру**

5. Комиссияның төрағасы оның қызметіне басшылық етеді, отырыстарда төрағалық етеді, жұмысын жоспарлайды және шешімдердің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады және Комиссия жүзеге асыратын қызмет пен Комиссия шығарған шешімдерге қолданыстағы заңнамаға сәйкес дербес жауап береді. Төраға болмаған кезде оның функцияларын Комиссия төрағасының орынбасары атқарады.

6. Комиссияның жұмыс органының функциялары Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігіне жүктеледі.

7. Комиссияның жұмыс органы Комиссияның жұмысын ұйымдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

8. Комиссия отырыстарының күн тәртібі бойынша ұсыныстарды, қажетті құжаттарды, материалдарды дайындауды және отырыстан кейін хаттаманы ресімдеуді Комиссияның хатшысы жүзеге асырады.

9. Хатшы Комиссияның мүшесі болып табылмайды.

10. Комиссияның жұмыс отырыстарының материалдары төрағамен келісілгеннен кейін Комиссияның әрбір мүшесіне кемінде үш жұмыс күнінен бұрын жеткізіледі.

11. Комиссияның отырыстары қажет болған жағдайда, бірақ кемінде жарты жылда бір рет өткізіледі және, егер оған Комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан болса, заңды деп саналады.

12. Комиссияның шешімдері Комиссия мүшелерінің жалпы санының қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Комиссия мүшелерінің ерекше пікір білдіруге құқығы бар, ол білдірілген жағдайда жазбаша түрде баяндалуға және хаттамаға қоса берілуге тиіс.

13. Комиссияның шешімі ұсынымдық сипатта болады.

14. Комиссия отырыстарын өткізу нәтижелері бойынша, оның барлық мүшелері міндетті түрде қол қоятын хаттама жасалады.

## **5. Комиссияның қызметін тоқтату**

15. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі Комиссияның қызметін тоқтатуға негіз болып табылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК